

Адам қалай пайда болды, сіздің
ойыңыз...

Сабақ тақырыбы: Антропогенез кезеңдері.
Проантроптар. Архантроптар. Палеоантроптар.
Неоантроптар.

10.2.6.4 антропогенездің кезеңдерін атау

Бағалау критерийлері

- Антропогенез кезеңдерін зерттейді;
- Адамның шығу тегін сипаттап, әр кезеңге тән ерекшеліктерді атап бере алады;
- Адамның шығу тегіндегі эволюциялық өзгерістердің шешімін тауып, дәлелдей алады

**Антропогенез кезеңдерін зертте.
Бағалау критерийлерін ескере отырып,
берілген ақпараттарға сүйеніп постер
құрастыр**



Топтық жұмыстың бағалау критерийлері.

- Топта жұмыс жасай алады: жұмыс барысын талдап, міндеттерді бөлу, оны орындау.
- Жауапкершілік, ынтымақтастық, өзінің айтқанына тұратын жеке басының қасиетін көрсетеді
- Ескертулері болған жоқ
- Жұмысты орындау қадамдары дұрыс, жоспарға және уақытқа сай (жұмыс уақытында аяқталды)
- Өзін өзі бағалау қабілеті бар
- Топта өзіне жауапкершілік алады (топ көшбасшысы)

Постерді бағалау критерийлері

- Тақырып толығымен ашылған (кезеңдердің биологиялық және әлеуметтік ерекшеліктері жазылған)
- Материалды ретімен мазмұндады (постердің аты, мазмұны, суреттері өзара байланысты)
- Кілт сөздер немесе қысқа фразалар қолданады
- Рәсімдеу дизайны. Мәтін жазулары түсінікті, жеңіл оқылады.
- Материал қағазға біркелкі орналастырылған.
- Сызбалар қолданылаған. Жазуларда қателіктер жіберілмеген.
- Жұмыс шығармашылық жағынан орындалған.

Қорғау критерийлері

- Антропогенез кезеңдерінің мазмұны ашылды.
- Тақырыпты қағаздан оқымай өз сөзімен жеткізе білді.
- Постерде көрсетілмеген кейбір ақпараттар айтылды.
- Қорғау барысында сыныппен қарым қатынас болды.
- Ораторлық өнер (қатты, нақты дауыс)

Кері байланыстың бағалау критерийлері

- Жұмыстың маңызды жақтарын анықтады.
- Негізгі кемшіліктерді нақты, қысқа айқындады.
- Жұмысқа деген ұсыныстар қысқа, анық және орындалатындай.
- Өзге оқушыға жұмысын жақсартуға (бағыт береді), басқаларына кестені толтыруға көмектесетін нақты және түсінікті сұрақтар қояды.


Антропогенез

Антропологияның негізгі мәселесі адамның шығуы мен қалыптасуы болып табылады. Антропологияның адамның шығу тегін зерттейтін саласы антропогенез (грек. antropos – адам, genesis – шығуы) деп аталады.

Қазіргі уақытта антропология ғылымында адамның эволюциялық даму жолының мынадай негізгі кезендерін бөліп көрсетеді:


- 1) австралопитек (проантроптар)
- 2) питекантроп (ең көне адамдар, архонтроптар)
- 3) неандерталь адамы (ең көне адамдар, палеонтроптар)
- 4) қазіргі заманғы адам типтес (неоантроптар)

Австралопитек (проантроптар).



Олардың көптеген қазба қалдықтары Оңтүстік және Шығыс Африка аумағынан табылған. Аустралопитектер ізашарларына қарағанда адамға едәуір дәрежеде көбірек ұқсас болған. Олар тік жүрген, беті жалпақтау, миының көлемі орташа 530 см³ болған

Питекантроп (ең көне адамдар, архонтроптар)



Бұл көне адамдар түрі шамамен бұдан 1,2-1,6 млн жыл бұрын пайда болды. Питекантроптар Африка шегінен шығып, адамдардың таралу аймағын кеңейтіп, Еуропа және Азияға орналасты. Олар біртіндеп өзгере және әбден жетіліп, миллиондаған жылдардан астам өмір сүрді.

Неандерталь адамы (ең көне адамдар, палеонтоптар)



Бұл ертедегі адамдардың қазба қалдықтары Еуропа, Азия, Африкадан көптеп табылған. Ертедегі адамдар 300—400 мың жыл бұрын тіршілік еткен. Олар қаңқа қалдықтары табылған Германиядағы Неандерталь аңғарына байланысты аталған. Неандертальдықтардың бас сүйегі күмбез тәрізді және миының көлемі 1600 см³-ге жуық болған

Қазіргі заманғы адам типтес (неоантроптар)



Кроманьон адамы (көпшілікке арналған әдебиеттердегі атауы) 1868 жылы Франциядағы Кро-Маньон үңгірінен табылған. Бұдан 30-50 мың жыл бұрын өмір сүрген. Қазақстанның көптеген жерлерінен табылған.

Саналы адам (*Homo sapiens*)- қазіргі адамның пайда болуы мен дамуы, қалыптасуы ұзақ уақытқа созылған өте күрделі құбылыс. Бұдан 35-40 мың жыл бұрын пайда болған. Қаңқа қалдығы Антарктидадан басқа құрлықтардан табылған. Тікелей арғы тегі-кроманьондар деп есептеледі.

Кестені толтыр

Антропогенез кезеңдері	Биологиялық ерекшеліктері	Әлеуметтік ерекшеліктері
Проантроптар		
Архантроптар		
Палеоантроптар		
Неоантроптар		

Қазіргі заманғы адам - кроманьон
Саналы адам

Ертедегі адамдар
(неандерталдықтар)

Ежелгі адамдар - Тік жүретін адамдар
(питекантроп, синантроп)

Алғашқы адам
епті адам

Австралопитек

Горилла

Шимпанзе

Орангутан

Гиббон

Дриопитек

Проплиопитек

Парапитек



Неоантроп
40 мың жыл

Палеоантроп
250 - 30 мың жыл

Архантроп
2 млн. - 200 мың жыл

2 - 3 млн. жыл

4 - 5 млн. жыл

30-40 млн. жыл

Адам шежіресі

Formative work



Ресурстар:

- <http://sabaq.kz/7271/%D0%B0%D0%BD%D1%82%D1%80%D0%BE%D0%BF%D0%BE%D0%B3%D0%B5%D0%BD%D0%B5%D0%B7-D0%B0%D0%B4%D0%B0%D0%BC%D0%BD%D1%8B%D2%A3-%D1%88%D1%8B%D2%93%D1%83-%D1%82%D0%B5%D0%B3%D1%96-%D0%BC%D0%B5%D0%BD-%D1%8D%D0%B2/>
- <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%BD%D1%82%D1%80%D0%BE%D0%BF%D0%BE%D0%B3%D0%B5%D0%BD%D0%B5%D0%B7>
- <http://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:http://malimetter.kz/antropogenez-nemese-adamnyn-kalyptasuy/>
- http://old.itest.kz/lekciya_iv_tarau_ertedegi_zhane_osy_zamandah_y_alhashqy_adamdar